



Ақтөбе облысы әкімдігінің
04.04.2025 жылғы
№ 65 қаулысымен
бекітілген

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің
«Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ереже

1. «Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) мектепке дейінгі жастағы ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту, қарау, күту мен сауықтыруды қамтамасыз ету үшін мекеменің ұйымдық – құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес мекеме болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Ақтөбе облысы әкімдігінің 2018 жылғы «20» ақпандағы № 84 қаулысымен құрылды.

4. Мекеменің құрылтайшысы Ақтөбе облысының әкімдігі (бұдан әрі – Құрылтайшы) болып табылады.

5. «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Тиісті саланың уәкілетті органы) Мекеменің тиісті саласын басқару жөніндегі уәкілетті орган болып табылады. Ақтөбе облысының әкімдігі атынан «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органы) Мекеменің мемлекеттік мүлкін басқару жөніндегі уәкілетті органы болып табылады.

6. Мекеменің атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

7. Мекеменің орналасқан жері: 030000, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Алтын Орда ықшам ауданы, 9 үй, 2 корпус.

2. Мекеменің заңдық мәртебесі

8. Мекеме мемлекеттік тіркелген кезден бастап құрылды деп есептеледі, заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

9. Мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрлері болады.

10. Мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай - ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

11. Мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі акшамен жауап береді. Мекемеде акша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Құрылтайшы субсидиарлық жауапты болады.

12. Мекеменің азаматтық - құқықтық мәмілелері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитеті Ақтөбе облысы бойынша Қазынашылық департаментінде міндетті тіркеуден өткен соң күшіне енеді.

3. Мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

13. Мекеме қызметінің мәні мектепке дейінгі жастағы ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардың мемлекеттік саясатын жүзеге асыру болып табылады.

14. Мекеменің мақсаты мен міндеттері мектепке дейінгі жастағы ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту, қарау, күту мен сауықтыруды қамтамасыз ету болып табылады.

15. Мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызметтерді жүзеге асырады:

1) білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балаларға психологиялық - педагогикалық және түзетім қолдауды жүзеге асыру;

2) ұлттық дәстүрлерге, сондай - ақ жалпы адамзаттық қағидалар мен нормаларға негізделген рухани - адамгершілік және мәдени - әлеуметтік құндылықтарды қалыптастыру;

3) тәрбиелеу, дамыту және оқытудың мақсат - міндеттерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптардың, мектепке дейінгі және бастауыш білім беру деңгейлерінің арасындағы жүйелілік, тұтастық, сабақтастық және үздіксіздік қағидаттарының бірлігін қамтамасыз ету;

4) балалардың, соның ішінде ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуды қамтамасыз ететін психологиялық - педагогикалық жағдайларды жасау;

5) мектеп жасына дейінгі балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, ойын әрекетінен оқу әрекетіне біртіндеп өтуге дайындық;

6) жеке тәсілдер негізінде балалардың түрлі іс - әрекеттерінде олардың қабілеттерін, бейімділіктерін, талаптары мен дарындылықтарын дамыту;

7) мектеп жасына дейінгі балалардың бастауыш мектепте оқуына тең мүмкіндік беруді көздейтін қарапайым қимыл - қозғалыс, коммуникативті, танымдық, шығармашылық білім, білік және дағдыларды қалыптастыру;

8) балаға өмір бойы қажетті жеке қасиеттерін қалыптастыру үшін негіз болып табылатын жалпы адамзаттық құндылықтарға баулу;

9) халықтық салт - дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға, әдебиет пен өнерге, фольклор мен еліміздің мәдени мұрасына негізделген білім беру мазмұнын іске асыру;

10) мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен қамтылған және қамтылмаған балаларды дамыту мәселелерінде ата – аналардың біліктілігін арттыру, оларды психологиялық - педагогикалық консультациялық қолдаумен қамтамасыз ету.

Мемлекеттік мекемеге жарғыда (ережеде) бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай - ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

16. Мекеменің Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі Тиісті саланың уәкілетті органының немесе Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талап – арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Мекеменің жарғыдан тыс әрекетін жүзеге асыруға бағытталған басшының іс - әрекеті еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік шаралар мен материалдық жауапкершілікке тартылады.

4. Оқыту, қабылдап алу, жинақтау жүйесін ұйымдастыру тәртібі

18. Мекеменің тәрбиеленушілер контингенті Мекеменің типіне және балалардың жастарына сай құрылады. Мекемеге үш жастан алты жасқа дейінгі балалар қабылданады.

19. Топтардағы балалар саны «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық - эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына 4 - қосымшаға сәйкес анықталады. Топтардың толтырылуы балалардың жас ерекшеліктеріне (үш жастан алты жасқа дейін) байланысты белгіленеді.

20. Мекемеге психологиялық – медициналық – педагогикалық консультацияның қорытындысы негізінде үш жасқа толған балалар қабылданады. Баланы Мекемеге басқару органның жолдамасы, баланың даму тарихының көшірмесі, эпидемиологиялық ортасы туралы учаскелік дәрігердің анықтамасы негізінде жүргізіледі.

Мекеме мен тәрбиешілер, олардың ата - аналары (заңды өкілдер) арасындағы қатынастарды реттеу және ресімдеу шартта көрсетіледі.

21. Баланың орны мына жағдайларда сақталады:

1) бала сырқаттанып қалған уақытта;

2) санаториялық – курорттық, медициналық және т.б. мекемелерде емделу және сауықтыру кезінде;

- 3) ата - анасының біреуіне еңбек демалысы берілгенде;
- 4) жазғы мезгілде баланы екі ай мерзімге дейін, сауықтыру кезінде.

22. Баланың мектепке дейінгі ұйымнан шығарылуы мына жағдайларда жүзеге асырылады:

1) Мекеме мен баланың ата – анасының немесе өзге де заңды өкілінің арасындағы шарт талаптарының бұзылуы;

2) баланың бір айдан астам дәлелді себепсіз және әкімшілікті ескертпей келмей қалуы;

3) мектепке дейінгі ұйымда болуына кедергі болатын медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайда дәрігерлік-кеңестік комиссия анықтамасының негізінде;

4) баланың ата – анасының немесе өзге де заңды өкілінің өтініші;

5) психологиялық – медициналық – педагогикалық консультацияның қорытындысы.

23. Оқыту және тәрбиелеу қазақ және орыс тілінде жүргізіледі.

24. Балаларды тәрбиелеу мен оқыту Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады және Жарғымен анықталады. Мекемедегі оқу сабақтарының кестесін Мекеме әкімшілігі әзірлейді және бекітеді. Қажет болған жағдайда арнайы балабақшалардың педагогтері ата – аналар (өзге де заңды өкілдер) үшін түзету сабақтарын ұйымдастыру мәселелері бойынша кеңес беру өткізеді.

25. Мекеменің жұмыс тәртібін педагогикалық қызметкерлерге арналған нормативтік оқу жүктемесін негізге ала отырып, бес күндік және сенбі, жексенбі және мереке күндерін – демалыс күндері деп Құрылтайшы бекітеді.

26. Мекеменің жұмыс тәртібі шартта анықталады.

27. Тәрбиеленушілердің құзыреттілігінің даму деңгейін бағалау, білім беру саласы бойынша балалардың жас ерекшелігіне байланысты:

1) балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бағалау бойынша мониторинг жүргізу;

2) Кәсіпорынды аттестациялау кезінде;

3) ҚР заңнамаларына қайшы келмейтін басқа да бақылау түрлері.

Мекеме тәрбиеленушілерінің оқу жүктемесі және ұйымдастырылған оқу іс - әрекетінің ұзақтығы ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен айқындалады.

28. Мекеме ақылы қызметтерді көрсетпейді.

5. Мекемені басқару

29. Мекемені жалпы басқаруды Тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

30. Мекеменің құрылтайшысы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Мекемені құру, қайта құру және жою туралы шешім қабылдайды;

- 2) Мекеме жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да функцияларды жүзеге асырады;

31. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 2) Мекеме мүлігінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 3) Мекеменің құрылымын қалыптастыру тәртібін және басқару органдарының құзырет мерзімін Мекемемен шешім қабылдау тәртібін анықтайды;
- 4) Мекеме басшысының құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігін, оны қызметінен босату негіздемелерін айқындайды;
- 5) Мекеменің құрылымын және штаттық саны шегін бекітеді;
- 6) жылдық қаржылық есепті бекітеді;
- 7) Мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органға мемлекеттік және жеке шаруашылық қызметі нәтижесінде алынған мүлікті қайтарып алу және қайта бөлу бойынша келісім береді;
- 8) Мекемеге филиалдар мен өкілдіктер құруға келісімін береді;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

32. Мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасымен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Мекемеге мүлікті бекітеді;
- 2) Мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген басқада функцияларды жүзеге асырады.

33. Мекеме басшысы (бұдан әрі – Меңгеруші) Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды коспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген Тиісті саласының уәкілетті органмен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

34. Мекеме меңгерушісі Мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, Тиісті саланың уәкілетті органына тікелей бағынады және Мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

35. Мекеме меңгерушісі дара басшылық қағидаттары бойынша әрекет етеді және мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы жарғымен айқындалатын өз құзіретіне сәйкес дербес шешеді.

36. Мекеменің қызметті жүзеге асыруы барысында меңгеруші Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Мекеменің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда және де өзге ұйымдарда Мекеме мүдделерін білдіреді;

- 3) шарттар жасасады;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) Мекеменің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарлатудың басқа да түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарын бекітеді;
- 6) банктік шоттар ашу;
- 7) барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) Мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) Мекеме қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу шараларын және тәртіптік жазалар қолданады;
- 10) Мекеме қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;
- 11) оған Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган) жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

6. Мекеме мүлкін қалыптастыру тәртібі

37. Мекеме мүлкін бағасы оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мекеменің мүлкі мыналардың:

- 1) оған меншік иесі берген мүлік;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

38. Мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен смета құралдары бойынша бөлінген мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

39. Мекеменің қызметі облыстық бюджеттен қаржыландырылады.

40. Мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

41. Мекеменің қаржылық - шаруашылық қызметін тексеру және ревизия Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Тиісті саланың уәкілетті органы және өзге де органдары жүзеге асырады.

7. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

42. Мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Құрылтайшының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

43. Мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

8. Мекемені қайта құру және тарату шарттары

44. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

45. Мекемеде филиалдар мен өкілдіктер жоқ.

Утвержден
постановлением акимата
Актюбинской области
от 04.04.2025 года
№65

УСТАВ
Коммунального государственного учреждения
«Актюбинский областной специальный детский сад «Нектар»
государственного учреждения
«Управление образования Актюбинской области»

1. Общие положения

1. Коммунальное государственное учреждение «Актюбинский областной специальный детский сад «Нектар» государственного учреждения «Управление образования Актюбинской области» (далее - Учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно - правовой форме учреждения, для обеспечения воспитания, обучения, развития, присмотра, ухода и оздоровления детей дошкольного возраста.

2. Вид государственного учреждения: коммунальное.

3. Коммунальное государственное учреждение создано постановлением акимата Актюбинской области от «20» февраля 2018 года № 84.

4. Учредителем Учреждения является акимат Актюбинской области (далее - Учредитель)

5. Уполномоченным органом по руководству соответствующей отраслью Учреждения является государственное учреждение «Управление образования Актюбинской области» (далее - Уполномоченный орган соответствующей отрасли). Уполномоченным органом по управлению государственным имуществом Учреждения от имени акимата Актюбинской области является государственное учреждение «Управление финансов Актюбинской области» (далее - Уполномоченный орган по государственному имуществу).

6. Наименование Учреждения: коммунальное государственное учреждение «Актюбинский областной специальный детский сад «Нектар» государственного учреждения «Управление образования Актюбинской области».

7. Местонахождение Учреждения: Республика Казахстан, 030000, Актюбинская область, город Актобе, район Астана, микрорайон Алтын Орда, дом 9, корпус 2.

2. Юридический статус Учреждения

8. Учреждение считается созданным и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

9. Учреждение имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, печати с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Учреждения.

10. Учреждение не может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица.

11. Учреждение отвечает по своим обязательствам, находящимся в его распоряжении деньгами. При недостаточности у учреждения денег субсидиарную ответственность по его обязательствам несет Учредитель.

12. Гражданско - правовые сделки Учреждения вступают в силу после их обязательной регистрации в департаменте казначейства по Актюбинской области Комитета казначейства Министерства финансов Республики Казахстан.

3. Предмет и цели деятельности Учреждения

13. Предметом деятельности Учреждения является реализация государственной политики по обучению и воспитанию детей дошкольного возраста.

14. Целью и задачами деятельности Учреждения является обеспечение воспитания, обучения, развития, присмотра, ухода и оздоровления детей дошкольного возраста с особыми образовательными потребностями.

15. Для достижения цели Учреждение осуществляет следующие виды деятельности:

1) осуществление психолого - педагогической и коррекционной поддержки детям с особыми образовательными потребностями;

2) формирование духовно - нравственных и социально - культурных ценностей, основанных на национальных традициях, а также общечеловеческих правилах и нормах;

3) обеспечение единства требований к содержанию дошкольного воспитания и обучения, принципов системности, целостности, преемственности и непрерывности между дошкольным и начальным уровнями образования с учетом воспитательных, развивающих и обучающих целей и задач;

4) создание психолого - педагогических условий, обеспечивающих сохранение и укрепление здоровья детей, в том числе детей с особыми образовательными потребностями;

5) подготовка к постепенному переходу от игровой деятельности к учебной с учетом индивидуальных и возрастных особенностей детей дошкольного возраста;

6) развитие способностей, наклонностей, задатков и дарований в различных видах детской деятельности на основе индивидуального подхода;

7) формирование элементарных двигательных, коммуникативных, познавательных, творческих знаний, умений и навыков, предусматривающих создание равных стартовых возможностей для обучения детей дошкольного возраста в начальной школе;

8) привитие общечеловеческих ценностей, являющихся основой для формирования личностных качеств ребенка, необходимых в течении всей жизни;

9) реализацию содержания образования, базирующегося на народных традициях, обычаях и нравах, литературе и искусстве, фольклоре и культурном наследии страны;

10) обеспечение психолого - педагогической консультационной поддержки родителей, повышение их компетентностей в вопросах развития детей, охваченных и не охваченных дошкольным воспитанием и обучением.

Запрещаются осуществление Учреждением деятельности, а также совершение сделок, не отвечающих предмету и целям его деятельности, закрепленным в настоящем уставе.

16. Сделка, совершенная Учреждением в противоречии с целями деятельности, определенно ограниченными законами Республики Казахстан или учредительными документами, либо с нарушением уставной компетенции руководителя, может быть признана недействительной по иску Уполномоченного органа соответствующей отрасли или Уполномоченного органа по государственному имуществу, либо прокурора.

17. Действия руководителя Учреждения, направленные на осуществление Учреждением неуставной деятельности, являются нарушением трудовых обязанностей и влекут применение мер дисциплинарной и материальной ответственности.

4. Порядок приема, комплектование и организация образовательного процесса

18. Контингент воспитанников Учреждения формируется в соответствии с их возрастом и типом Учреждения. В Учреждение принимаются дети в возрасте от трех до шести лет.

19. Наполняемость групп определяется в соответствии с Приложением 4 Санитарных правил «Санитарно - эпидемиологические требования к объектам образования». Наполняемость групп устанавливается в зависимости от возраста детей (от трех до шести лет).

20. В Учреждение принимаются дети, достигшие трехлетнего возраста, на основании заключения психолого — медико — педагогической консультации.

Прием ребенка в Учреждение осуществляется на основании направления

органа Управления, копии истории развития ребенка и справки от участкового врача об эпидемиологической среде.

Регламентация и оформление отношений Учреждения и воспитанников и их родителей (законных представителей) отражается в Договоре.

21. За ребенком сохраняется место в случае:

- 1) болезни ребенка;
- 2) лечение и оздоровление ребенка в медицинских, санаторно-курортных и иных организациях;

3) предоставления одному из родителей трудового отпуска;

4) оздоровления ребенка в летний период сроком до двух месяцев;

22. Отчисление ребенка из Учреждения производится в следующих случаях:

1) нарушения требований договора между Учреждением и родителем или иным законным представителем ребенка;

2) пропуска ребенка более одного месяца без уважительных причин и предупреждения администрации;

3) наличия медицинских противопоказаний, препятствующих его пребыванию на основании справки врачебной и консультационной комиссии;

4) заявления родителей или иных законных представителей ребенка;

5) заключения психолога – медико – педагогической консультации.

23. Воспитание и обучение ведется на казахском и русском языках.

24. Воспитание и обучение детей осуществляется в соответствии с государственным общеобязательным стандартом дошкольного воспитания и обучения, утвержденных постановлением Правительства Республики Казахстан, с типовыми учебными планами, утвержденными приказом Министра образования и науки Республики Казахстан, а также определяется Уставом. Расписание учебных занятий в Учреждении разрабатывается и утверждается администрацией Учреждения. Педагогами специальных детских садов при необходимости проводятся консультации для родителей (иных законных представителей) по вопросам организации коррекционных занятий.

25. Режим работы Учреждения, установленный учредителем, исходя из нормативной учебной нагрузки для педагогических работников, является следующим: пятидневное пребывание, выходные: суббота, воскресенье и праздничные дни.

26. Режим работы Учреждения определяется в Договоре.

27. Оценка уровня развития компетенций воспитанников, в зависимости от возрастных особенностей детей в области образования:

1) проведение мониторинга по оценке развития умений и навыков детей;

2) в процессе аттестации Учреждения;

3) иных форм контроля, не противоречащих законодательству РК.

Учебная нагрузка воспитанников Учреждения и порядок длительности организованной учебной деятельности определяется государственным общеобязательным стандартом образования Республики Казахстан.

28. Учреждение не оказывает платных услуг.

5. Управление Учреждением

29. Общее управление Учреждением осуществляет Уполномоченный орган соответствующей отрасли.

30. Учредитель Учреждения осуществляет следующие функции:

1) принимает решение о создании, реорганизации и ликвидации Учреждения;

2) утверждает устав Учреждения, внесение в него изменений и дополнений;

3) осуществляет иные функции, установленные законодательством Республики Казахстан;

31. Уполномоченный орган соответствующей отрасли в установленном законодательством Республики Казахстан порядке осуществляет следующие функции:

1) утверждает индивидуальный план финансирования Учреждения;

2) осуществляет контроль за сохранностью имущества Учреждения;

3) определяет структуру, порядок формирования и срок полномочий органов управления Учреждения, порядок принятия Учреждением решений;

4) определяет права, обязанности и ответственность руководителя Учреждения, основания освобождения его от занимаемой должности;

5) утверждает структуру и предельную штатную численность Учреждения;

6) утверждает годовую финансовую отчетность;

7) дает согласие Уполномоченному органу по государственному имуществу на изъятие или перераспределение имущества, переданного Учреждению или приобретенного им в результате собственной хозяйственной деятельности;

8) дает согласия на создание Учреждением филиалов и представительств;

9) осуществляет иные функции, установленные законодательством Республики Казахстан.

32. Уполномоченный орган по государственному имуществу в установленном законодательством Республики Казахстан порядке осуществляет следующие функции:

1) закрепляет за Учреждением имущество;

2) осуществляет контроль за сохранностью имущества Учреждения;

3) осуществляет иные функции, установленные законодательством Республики Казахстан.

33. Руководитель Учреждения (далее - заведующий) назначается на должность и освобождается от должности Уполномоченным органом соответствующей отрасли, за исключением случаев, установленных законодательством Республики Казахстан.

34. Заведующий Учреждения организует и руководит работой Учреждения, непосредственно подчиняется Уполномоченному органу соответствующей отрасли и несет персональную ответственность за выполнение возложенных на Учреждение задач и осуществление им своих функций.

35. Заведующий Учреждения действует на принципах единоначалия и самостоятельно решает вопросы деятельности Учреждения в соответствии с его компетенцией, определяемой законодательством Республики Казахстан и настоящим уставом.

36. При осуществлении деятельности Учреждением заведующий учреждения в установленном законодательством Республики Казахстан порядке:

- 1) без доверенности действует от имени Учреждения;
- 2) представляет интересы Учреждения в государственных органах, иных организациях;
- 3) заключает договоры;
- 4) выдает доверенности;
- 5) утверждает порядок и планы Учреждения по командировкам, стажировкам, обучению сотрудников и иным видам повышения квалификации сотрудников;
- 6) открывает банковские счета;
- 7) издает приказы и дает указания, обязательные для всех работников;
- 8) принимает на работу и увольняет с работы сотрудников Учреждения;
- 9) принимает меры поощрения и налагает дисциплинарные взыскания на сотрудников Учреждения, в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан;
- 10) определяет обязанности и круг полномочий сотрудников Учреждения;
- 11) осуществляет иные функции, возложенные на него законодательством Республики Казахстан, настоящим Уставом и Уполномоченным органом соответствующей отрасли.

6. Порядок образования имущества Учреждения

37. Имущество Учреждения составляют активы юридического лица, стоимость которых отражается на его балансе. Имущество Учреждения формируется за счет:

- 1) имущества, переданного ему собственником;
- 2) иных источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.

38. Учреждение не вправе самостоятельно отчуждать или иным способом распоряжаться закрепленным за ним имуществом и имуществом, приобретенным за счет средств, выделенных ему по смете.

39. Деятельность учреждения финансируется из областного бюджета.

40. Учреждение ведет бухгалтерский учет и представляет отчетность в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

41. Проверка и решение финансово - хозяйственной деятельности Учреждения осуществляется Уполномоченным органом соответствующей отрасли и иными органами в установленном законодательством Республики Казахстан порядке.

7. Порядок внесения изменений и дополнений в учредительные документы

42. Внесение изменений и дополнений в учредительные документы Учреждения производится по решению Учредителя.

43. Внесенные изменения и дополнения в учредительные документы Учреждения регистрируются в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

8. Условия реорганизации и ликвидации Учреждения

44. Реорганизация и ликвидация Учреждения осуществляется в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

9. Сведения о филиалах и представительствах Учреждения

45. Учреждение филиалов и представительств не имеет.

15- БЕТТЕ ТІГІЛДІ, НӨМІРЛЕНДІ ЖӘНЕ МӨР БАСЫЛДЫ

ПРОШИТО, ПРОНУМЕРОВАНО И СКРЕПЛЕНО ПЕЧАТЮ

НА 15- ЛИСТАХ

БАСҚАРМА БАСШЫСЫ Б. КҮЗЕМБАЕВА

